

## Бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директоры 1999 жылғы 30 қыркүйек N 442. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 (V042845) қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы заңының 24-2-бабының 1-ші және 2-тармақтарын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 16-18) тармақшаларын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы орталық аппаратының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметін тексеру жөніндегі жұмысын ұйымдастыру мақсатында Ұлттық комиссияның Директоры қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін (қоса берілді).

2. Жоғарыда аталған Нұсқаулықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар б а с қ а р м а с ы :

1) Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасымен бірлесе отырып жоғарыда аталған Нұсқаулықты (ол күшінен енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің назарына жеткізу жөніндегі барлық ықтимал ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н ;

2) жоғарыда аталған Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.

### *Ұлттық комиссияның Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясы Директорының 1999  
жылғы 30 қыркүйектегі N 442  
қаулысымен бекітілді

**Бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметіне тексерістер жүргізудің тәртібі туралы Нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережеге сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы орталық аппаратының бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметіне тексерістер жүргізуінің тәртібін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқауда қолданылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) "Жетекшілік жасайтын атқарушы директор (атқарушы директор, жетекшілік жасайтын)" - Ұлттық комиссияның Төрағасы немесе Ұлттық комиссияның Ұлттық комиссия орталық аппаратының тиісті бөлімшесіне жетекшілік жасайтын мүшесі (оның ішінде қызметті уақытша атқару схемасына с ә й к е с ) ;

2) "Ұлттық комиссия" - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;

3) "Тексеріс" - бағалы қағаздар эмитентінің қызметін тексеру;

4) "Корпоративтік қаржылар басқармасы" - Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы;

5) "Заң басқармасы" - Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасы .

2. Тексерістер Ұлттық комиссия Төрағасының Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директормен келісу бойынша шығарылатын бұйрықтарының негізінде:

1) Тексерістер жоспарына (жоспарлы тексерістер);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын (өкімдеріне), Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе оның жекелеген Палаталарының қаулыларына, акционерлердің (инвесторлардың) арыздарына, мемлекеттік органдардың немесе тексерістер жүргізуге мүдделі өзге де ықтимал тұлғалардың өтінімдеріне (сұрауларын) Ұлттық комиссияның немесе оның Директоратының шешімдеріне (жоспардан тыс тексерістер) сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тексерістер жоспарын Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор аталған Басқарма бастығының ұсынысы бойынша бекітеді. Аталған ұсыныс Заң басқармасының бастығымен және/немесе аталған Басқармаға жетекшілік жасайтын атқарушы директормен келісілу керек.

Ұлттық комиссия Төрағасының Тексерістер жоспарына өзгерістер мен

толықтырулар енгізуге сөзсіз құқығы бар.

4. Тексерістер бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

Тексерістің нақты мақсаттары және мәселелері әрбір жекелеген жағдайда оның Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директордың бекітуіне жататын бағдарламасымен айқындалады.

Тексеріс бағдарламасы ретінде Ұлттық комиссияның Директораты бекіткен бірыңғай тексерістер бағдарламасы қолданылуы мүмкін.

Тексерістер бағдарламалары, оның ішінде бірыңғай, "Қызметтік қолдануға арналған" санатының құжаттары болып табылады. Бұл мақсаттарда Корпоративтік қаржылар басқармасы Тексерістер бағдарламаларымен танысуға құқығы бар және олармен танысқан тұлғалардың журналын жүргізеді.

5. Тексерістің нысаны (ұсынылған құжаттарды қарау арқылы, заң бұзушылық фактісі бойынша түсінігін тыңдау мақсатында мүдделі тараптардың өкілдерін шақыру арқылы, эмитенттің орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы) оны жүргізу туралы бұйрықпен айқындалады.

## **2-тарау. Тексеріс жүргізу**

6. Тексерісті Ұлттық комиссия Төрағасының оны жүргізу туралы бұйрығымен айқындалған комиссия (бұдан әрі "Тексеріс комиссиясы" деп аталады) жүзеге асырады.

Тексерістің мақсаттары мен мәселелеріне қарай Тексеріс комиссиясының құрамына Корпоративтік қаржылар басқармасы қызметкерлерінен басқа, Ұлттық комиссия орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің өзге де қызметкерлері (тиісті жетекшілік жасайтын атқарушы директормен келісу бойынша), сондай-ақ - сарапшылар мен консультанттар ретінде - қазақстандық және шетелдік мамандар енгізілуі мүмкін.

Тексеріс комиссиясының құрамына кандидатураларды ұсынуды Ұлттық комиссия орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері олар тексерісті белгілеу үшін негіз болып табылатын құжаттармен танысқаннан және осындай құжаттарға алдын-ала талдау жасағаннан кейін жүзеге асырады.

Қажеттілігіне орай тексеріс жүргізуге қатысу үшін салық қызметі органдарының, қаржы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері тартылуы мүмкін.

7. Тексеріс жүргізу мерзімі Ұлттық комиссия Төрағасының оны жүргізу туралы бұйрығымен белгіленеді және осы тармақтың екінші бөлігінде және осы Нұсқаулықтың 14-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, 30 күннен аспау керек.

Жекелеген жағдайларда тексеріс жүргізу мерзімі Ұлттық комиссия Төрағасының Тексеріс комиссиясы мүшелерінің өтінімдерінің негізінде

шығарылған бұйрығымен ұзартылуы мүмкін. Аталған өтінімде Тексеріс комиссиясының мүшелері тексеріс жүргізу мерзімін ұзартуға қажетті деп санайтын себептер болу керек.

8. Тексеріс комиссиясының мүшелеріне осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасындағы үлгі бойынша уақытша куәліктер беріледі.

Уақытша куәлік тек бір эмитентке тексеріс жүргізу үшін ғана беріледі.

Уақытша куәлік шығыс нөмірі беріліп және берілген күні көрсетіліп міндетті түрде тіркелуге (шығыс хаттарын тіркеу ережелері бойынша) жатады. Ұлттық комиссияның Төрағасы немесе оның қызметін уақытша атқаратын Ұлттық комиссияның атқарушы директоры қол қоймаған, Ұлттық комиссияның мөр таңбасы қойылмаған немесе тіркелмеген уақытша куәліктер жарамсыз болып табылады.

9. Тексерісті бастағанға дейін Тексеріс комиссиясының мүшелері Ұлттық комиссиядағы тексерілетін эмитентке қатысты құжаттармен, оның ішінде тексеріс мақсаты үшін басқа тұлғалардан талап етілген құжаттармен танысуға міндетті.

10. Тексерістің басталар алдында Тексеріс комиссиясының мүшелері оларға берілген уақытша куәліктерді тексерілетін эмитенттің бірінші басшысына (алқалы атқарушы органның басшысына немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаға) немесе оның қызметін уақытша атқарушы тұлғаға не - аталған тұлғалар болмаған кезде - тексерілетін эмитенттің қызметі жоғары кез келген қызметкеріне ұсынуға міндетті.

Уақытша куәліктерін ұсынған сәттен бастап Тексеріс комиссиясының мүшелері тексеріс жүргізуге құқылы және міндетті.

Тексеріс жүргізудің кез келген сәтінде Тексеріс комиссиясының мүшелері эмитенттің қызметкерлеріне (олардың өтініш немесе талап етуі бойынша) өздерінің уақытша куәліктерін ұсынуға міндетті.

Эмитенттерге уақытша куәліктердің көшірмелерін түсіріп алуға рұқсат етіледі.

11. Тексерілетін эмитенттің лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне тексеріс бағдарламасымен танысуға тыйым салынады.

12. Тексеріс комиссиясының мүшелері тексерісті құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариальды куәландырылған көшірмелерінің не олардың түпнұсқасына сәйкестігі эмитенттің бірінші басшысының немесе оның қызметін уақытша атқаратын тұлғаның және эмитенттің бас бухгалтерінің қолдарымен және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылатын көшірмелерінің негізінде жүзеге асырады.

Тексерілетін эмитенттің лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің, сондай-ақ түсініктері тексеріс мақсатына қажетті өзге ықтимал жеке тұлғалардың

барлық түсініктері жазбаша түрде ресімделу және аталған тұлғалар қол қою күнін көрсете отырып қол қою керек.

13. Тексерілетін эмитенттің лауазымды тұлғалары және қызметкерлері осы Нұсқаулықтың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда (ұсынбау себептеріне қарамастан) Тексеріс комиссиясының мүшелері олардан жазбаша түсініктер талап етуге міндетті. Аталған түсініктерді беруден бас тартқан кезде тексеріс актісіне тиісті жазба жазылу керек.

14. Тексеріс жүргізу барысында Тексеріс комиссиясының мүшелері тексерілетін эмитенттің қызметі туралы қажетті түсініктемелер алу үшін мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға өтінуге құқылы. Аталған өтінішке (сұрауға) Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор не - тексерісті Тексеріс комиссиясының мүшелері іссапарда жүріп жүзеге асырған жағдайда - оның қызметі жоғары, Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылатын мүшесі қол қояды. Бұл ретте сұралған органдардан (сұралған ұйымнан) жауап алынғанға дейін тексеріс жүргізу мерзімі ұзартылады.

### **3-тарау. Тексеріс нәтижелерін ресімдеу**

15. Тексеріс нәтижелері тексеріс жүргізілген орында бес жұмыс күнінен аспайтын күн ішінде осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасындағы үлгі бойынша жасалуға тиісті тексеріс актісімен ресімделеді.

Тексеріс актісі екі дана жасалады және Тексеріс комиссиясы құрамының кемінде үштен екісін құрайтын мүшелері қол қою керек.

#### **16. Тексеріс актісіне:**

1) тексеріс барысында анықталған заң бұзушылықтарды не заң бұзушылықтардың жоқ екендігін растайтын құжаттардың (құжаттардың бөлігінің) көшірмелері;

2) осы Нұсқаулықтың 12-тармағының екінші бөлігінде көзделген жазбаша түсініктер;

3) осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көзделген жазбаша түсініктер;

4) Тексеріс комиссиясының мүшелері жасаған есептер, түсіндірме хаттар, анықтамалар және тексеріс барысында анықталған заң бұзушылықтарды не заң бұзушылықтардың жоқ екендігін растайтын өзге де ықтимал құжаттар;

5) тексеріс актісіндегі қорытындылардың негізделгендіктерін растау үшін қажетті өзге де ықтимал құжаттар қоса берілу керек.

17. Тексеріс актісінің екінші данасы кіріс құжаты ретінде міндетті түрде тіркеліп тексерілген эмитентке қалдырылады. Тексеріс актісінің Тексеріс комиссиясының мүшелерінде қалған бірінші данасында оның екінші данасының кіріс нөмірі және қабылдау күні туралы жазба жазылу керек.

18. Тексеріс қорытынды бойынша Ұлттық комиссияның қызметкерлері - Тексеріс комиссиясының мүшелері эмитентке Қазақстан Республикасының

заңдарымен рұқсат етілген ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі ұсыныстармен (заң бұзушылықтар анықталған жағдайда) Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директордың атына қызметтік хат жазады.

Бұл ретте, егер тексерілген эмитенттің тексеріс актісіне жасаған ескертпелері мен қарсылықтары тексеріс актісінің данасын эмитент алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тексеріс комиссиясының мүшелеріне берілмеген немесе Ұлттық комиссия факсимальді байланыс құралдарымен немесе тікелей алмаған жағдайда, аталған қызметтік хат аталған датадан бастап он жұмыс күні аяқталғаннан ерте беріле алынбайды.

19. Анықталған заң бұзушылықтардың сипатына және ауырлығына қарай эмитентке мынадай ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін:

1) анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі міндетті түрде орындау үшін ұйғарым жіберілді;

2) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінің жекелеген жеке шоттары бойынша және тізілім бойынша тұтас бағалы қағаздар қозғалысын тоқтата тұрылды;

3) кінәлі тұлғаларды әкімшілік және/немесе қылмыстық жазаға тарту қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

20. Аталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі эмитентке жіберілетін ұйғарымға осы ұйғарым Заң басқармасымен міндетті түрде келісілгеннен кейін Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор қол қояды. Ұйғарыммен эмитенттің заң аталған бұзушылықтарды жоятын мерзім белгілену керек.

21. Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінің жекелеген жеке шоттары бойынша және тізілім бойынша тұтас бағалы қағаздар қозғалысын тоқтата тұру туралы шешімді Ұлттық комиссияның директоры қабылдайды.

22. Кінәлі тұлғаларды әкімшілік және/немесе қылмыстық жазаға тарту қажеттілігі туралы шешімді Корпоративтік қаржылар басқармасына жетекшілік жасайтын атқарушы директор (Заң басқармасымен міндетті түрде келісе отырып) немесе Ұлттық комиссиясының директоры қабылдайды.

#### *Ұлттық комиссияның Төрағасы*

Қазақстан Республикасы Бағалы  
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
Директоратының 1999 жылғы  
30 қыркүйектегі N 442 қаулысымен  
бекітілген  
Бағалы қағаздар эмитенттерінің  
қызметіне тексерістер жүргізудің

тәртібі туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

**У а қ ы т ш а**

**к у ә л і к**

(Ұлттық комиссияның хаттарға арналған бланкісінде ресімделеді)

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының ["XXXXжылғыXXай"форматтағыкүн] N\_\_ бұйрығының негізінде төменде аталған эмитенттің қызметіне тексеріс жүргізу жүктелген\*

-----  
берілді.

Тексеріс объектісі: [Ұлттық комиссиядағы бар Эмитентті мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесіне сәйкес немесе бұндай көшірме болмаған жағдайда Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне сәйкес эмитенттің атауы және орналасқан жері]

Тексеріс нысанасы: "Эмитенттің Қазақстан Республикасы заңының нормаларын [тексерістің негізгі мақсаттарының тізбесі] сақтауы"

Тексеріс жүргізу мерзімі: ["XXXX жылғы XX ай" форматтағы тексерістің басталу күні]-дан X ай" форматтағы тексерістің аяқталу күні] дейін. Егер, тексерістің басталу және аяқталу күні бір айға қатысты болған жағдайда, тексерістің басталу күнінде ай аты көрсетілмейді.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

М . О .

-----  
\* Барыс септігінде: бөлім атауын (бұндай болса) енгізе отырып Ұлттық комиссияның құрылымдық бөлімшесінің атауын көрсете отырып Тексеріс комиссиясы мүшесінің лауазымы, Тексеріс комиссиясы мүшесінің толық аты-жөні (тегі, аты, әкесінің аты). Егер, Тексеріс комиссиясының мүшесі Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылмаған жағдайда (Тексеріс комиссиясының құрамына сарапшы немесе консультант ретінде енгізілсе), осы тұлғаның тұрақты атқаратын лауазымын көрсетудің орнына "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының сарапшысы" немесе "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының консультанты" деген жазба енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Бағалы  
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
Директоратының 1999 жылғы 30  
қыркүйектегі N 442 қаулысымен

бекітілген

Бағалы қағаздар эмитенттерінің  
қызметіне тексерістер жүргізудің  
тәртібі туралы нұсқаулыққа

2-қосымша

**Бағалы қағаздар эмитентінің қызметін  
Тексеру актісі**

[Жасалған күні]\*

[Жасалған жері]

**1-бөлім. Тексеріс объектісі туралы мәліметтер**

**Э м и т е н т :**

Соңғы берілген Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігіне толық түрде сәйкес (әріптерді жазу регистрін, тыныс белгілерін және акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанын немесе үлгісін жазудағы анық қателерді қоспағанда мемлекеттік тіркеу органы жіберген қателерді енгізе отырып) және акционерлік қоғамның үлгісін міндетті түрде көрсетіп (егер эмитент акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс жасаса).

Эмитенттің тіркелген орналасқан жері:

Соңғы Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігіне және/немесе соңғы статистикалық карточкаға сәйкес эмитенттің тіркелген орналасқан жері.

Эмитенттің нақты орналасқан жері:

Эмитенттің тіркелген және нақты орналасқан жерлерінің арасында айырмалар болған жағдайда көрсетіледі.

Эмитенттің банктік реквизиттері:

Қызмет көрсететін банктің (банк филиалының) атауы, мекен-жайы және төлем реквизиттері, эмитенттің ағымдағы банктік шотының нөмірі.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері:

Эмитенттің соңғы статистикалық карточкасына және/немесе жарғысына с ә й к е с .

Эмитенттің өздері дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен эмитенттің жарғылық капиталының бес және одан да көп процентін иеленген акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер.

Өздері дербес немесе аффилиирленген тұлғаларымен эмитенттің жарғылық капиталының бес және одан да көп процентін (шығарылған акциялардың жалпы санының) иеленген акционерлердің (қатысушылардың) атауы және орналасқан жері. Бұл мәліметтер эмитенттің акцияларын ұстаушылар тізілімінің негізінде



немесе - егер, эмитентакционерлік қоғамнан өзге ұйымдық-құқықтық нысанда жұмыс жасаған жағдайда - құрылтай, бухгалтерлік және өзге де ықтимал құжаттардың негізінде жасалады.

\* XXXX жылғы XX ай" форматтағы.

## **2-бөлім. Тексеріс туралы мәліметтер**

Тексеріс комиссиясының мүшелері:

Бөлім атауларын (бұндай болса) енгізе отырып Ұлттық комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің атауларын көрсетумен Тексеріс комиссиясы мүшелерінің лауазымдары, Тексеріс комиссиясы мүшелерінің толық аты-жөндері (тегі, аттары, әкесінің аттары). Егер, Тексеріс комиссиясының мүшесі Ұлттық комиссияның қызметкері болып табылмаған жағдайда (Тексеріс комиссиясының құрамына сарапшы немесе консультант ретінде енгізілсе), осы тұлғаның тұрақты атқаратын лауазымын көрсетудің орнына "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының сарапшысы" немесе Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының консультанты" деген жазба енгізіледі: Тексеріс комиссиясы мүшелерінің Уақытша куәліктерінің тіркеу нөмірлері және күндері.

Тексеріс негізі:

"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының ["XXXXжылғыXXай"форматтағыкүн] N [бұйрықнөмірі] бұйрығы" деген жазба.

Тексеріс нысанасы:

Тексеріс комиссиясы мүшелерінің Уақытша куәліктеріне сәйкес.

Тексеріс мерзімі:

["XXXXжылғыXXай"форматтағытексерістіңбасталу күні]-дан X ай" форматтағы тексерістің аяқталу күні] дейін деген жазба түріндегі тексерістің нақты басталу және аяқталу күндері туралы мәліметтер. Егер, тексерістің басталу және аяқталу күні бір айға қатысты болған жағдайда, тексерістің басталу күнінде ай аты көрсетілмейді.

Тексеріс нысаны:

Тексеріс нысанын көрсету (ұсынылған құжаттарды қарау арқылы, заң бұзушылық фактісі бойынша түсінігін тыңдау мақсатында мүдделі тараптардың өкілдерін шақыру арқылы, эмитенттің орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы).

## **3-бөлім. Тексеріс барысын және нәтижелерін баяндау**

Тексеріс актісінің осы бөлігінде Тексеріс комиссиясы мүшелерінің заң бұзушылықтардың жоқ екендігі немесе анықталған заң бұзушылықтар туралы ( заң бұзушылықтарды толық сипаттай отырып) қорытындылар алу үшін

пайдаланған құжаттарды және әрекеттерді көрсете отырып тексеріс нәтижелері ашылу керек.

#### **4-бөлім. Қорытынды ережелер**

Ж а з б а :

"Осы Актіге жасалуы мүмкін ескертпелер мен қарсылықтар жазбаша түрде ресімделу керек және осы Актінің данасын оларды Тексеріс комиссиясының мүшелеріне беру не Ұлттық комиссияға факсимальді байланыс құралдары, пошта немесе тікелей жіберу арқылы алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына ұсынылу (жіберілу) керек."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК